

**Махамбет Өтемісұлы
Өлеңдері**

1.Сәйф Сараи кім?

2.Оның бізге жеткен көлемді еңбегі қалай аталады?

3.С.Сараидың қыпшақ тілінде жазылған шығармасы ата

4. «Түрікше Гүлстан »кітабының мазмұны

5.Сәйф Сараи өз шығармасын неге «Түрікше Гүлстан» деп атаған?


6.Әңгімелердің айтар ойын қалай түсінесіңдер, Шын өмірде осындай жағдайлар кездесе ме?



Махамбет



Батыр




Қолбасшы



Аруақты ер



Күйші



Ақын



Махамбет Өтемісұлы

www.⁽¹⁸⁰⁷⁻¹⁸⁴⁶⁾ZHARAR.com

1. 1803 жылы М. Өтемісұлы Ішкі Бөкей ордасында, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы Нарын құмының Жанқұс деген жерінде туған.
2. 1829 жылы Махамбет Ішкі Ордаға Жайықтан жасырын өтті деген айыппен ұсталып, Жәңгір ханның үстемдігімен Калмыков бекетіндегі абақтыға 2 жылдай қамалды. 1831 жылы түрмеден қашып шығып, Исатай Тайманұлына қосылады.
3. 1833-1836 жылдары Көтеріліске дайындық жүрді.
4. 1836-1838 жылдары Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болды
5. 1836 жыл 14 сәуір күні «Қиялымола көтерілісі», Тастөбедегі шайқас»
6. 1838 жылы 12 шілде күні Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс жеңіліске ұшырады. Исатай ерлікпен қаза таты.
7. 1846 жылы 20 қазанда күрескер ақын 42 жасында дүние салады. Ақынның зираты Атырау облысының Махамбет ауданындағы «Махамбет ойы» деген жерде.
8. 1908 жылы ең алғаш рет Махамбеттің өлеңдері Қазан қаласында «Мұрат ақынның Ғымырқазы уғылына айтқаны» дейтін жинақта жарық көрген. Ақынның 80-ге жуық өлеңі бар. Мұрасының көбі бізге жетпеген. Оның өлеңдерін шәкірті Қуан жырау жатқа білген екен. Одан Мұрат Мөңкеұлы үйренген. Одан Ығылман Шөреков жаттаған. Бірқатар өлеңдерін жинаған ақын Шәңгерей Бөкеев.
9. 2003 жылы ЮНЕСКО көлемінде ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіледі.



Өлеңдерінің тақырыбы

Ел Халық жайы Өзі туралы Замана Адам Ерлік

Шаруалар көтерілісі

1828 –
1829

Бөкей
хандығында
көтеріліс
басталды.

1836 –
1838

Исатай - Махамбет
бастаған көтеріліс

1837 -
1847

Кеңесары
Қасымұлы
бастаған көтеріліс

1837
жыл

“Ереуіл атқа ер
салмай”

Жалғыздыққа бой
алдырған кезең

“ Мұнар күн
”

“ Жалғыздық
”

Тапсырмалар

«Жалғыздық» өлеңін құрылысына қарай талдау

«Ереулі атқа ер салмай» өлеңіне СКТ жасау

«Мұнар күн» өлеңін кестеден талдау

Сұрақтар

1. Жалғыздық» өлеңінде ақын неліктен «заманым менің тар болды» дейді? Ақын неліктен өзін жалғыз сезінеді?
2. «Мұнар күн» өлеңін ақын қандай қайғылы оқиғаға арнаған? Ақын кімнің қазасына қайғырып отыр? Исатай батыр туралы не білесіңдер?
3. «Ереулі атқа ер салмай» өлеңі не туралы? Өлеңді мәнерлеп оқыңдар

Үйге тапсырма:

А) «Махамбет – қайсар тұлға»
тақырыбында 150 сөзден тұратын эссе
жазып келу

Ә) Өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу

Махамбет Өтемісұлы туралы жазған ақын-жазушылардың ойлары

Кеңес дәуірінде санаға байлау, өреге тұсау болып келген жағдаяттарды профессор С.Қасқабасов: “Ақынның мұрасы - әдебиеттану ғылымының объектісі де болды. Алайда, зерттеу еңбектерде, негізінен, идеологиялық схематизм мен орыс әдебиетінің үлгісімен талдау орын алды. Сөйтіп, Махамбеттің шығармалары реализм, романтизм, оптимизм, пессимизм деген “измдер” тұрғысынан зерттелді. Белгілі бір аспектіде бұл да қажет шығар. Бірақ көп жағдайда қазақтың ұлттық көркем ойының даму заңдылықтары ескерілмеді. Соның салдарынан Махамбеттің өзіндік ерекшелігі тар аяда тек күрескер ақын деп танылды. ...Ақын қандай қоғамдық мәні бар проблемаларды шығармашылығында қамтыды деген мәселелер, өкінішке қарай, тиісті дәрежеде сөз болған жоқ” – деп, пайымдап береді.

Академик жазушы М.Әуезов: “Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. ...Барлық қозғалыстың ірі, ер басшысы Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы”

Х.Досмұхамедов: “Махамбеттің өзі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен. ...Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған”

Академик Қ.Жұмалиев: “Халықтың жырын жырлап, таяғын соғу ісінде Махамбет ақынның еңбегі тарихи еңбек. ...Махамбет – ең алдымен халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның өлеңі – елін тереңнен сүюдің айқын үлгісі. Санасы оянып, ойы өсе бастаған күннен бастап-ақ ақын жалпы халық көпшілігін езіп отырған хан, сұлтан, би-төрелерге қарсы шықты. Найзасына асыл сөз, өткір тілін қоса жұмсады”



Назарларыңызға
рахмет!